

## Қазақстан Республикасының Қаржы министрлері мен орталық банктер басшыларының жиырмалық тобымен өзара іс-қимылы жөнінде ұсыныстар әзірлеу үшін жұмыс тобын құру туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2012 жылғы 23 сәуірдегі № 85-ө Өкімі Қазақстан Республикасын Қаржы министрлері мен орталық банктер басшыларының жиырмалық тобының саммитіне (бұдан әрі – G-20 саммиті) қатысушылардың құрамына қосу және G-20 саммиті шеңберінде әлемдік экономиканы реформалау жөніндегі Қазақстан Республикасының бастамаларын әзірлеу мақсатында:

### 1. Мынадай құрамда жұмыс тобы құрылсын:

|  |   |   |
|--|---|---|
| К е л і м б е т о в<br>Қайрат Нематұлы       | – | Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары, жетекші  |
| Ж о ш ы б а е в<br>Рәпіл Сейітханұлы         | – | Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің жауапты хатшысы, жетекшінің орынбасары                           |
| Қ а б ы л б е к о в<br>Айдарбек Жапбарбекұлы | – | Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің көпжақты экономикалық ынтымақтастық басқармасының бастығы, хатшы |
| Б е к е т а е в<br>Марат Бақытжанұлы         | – | Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің жауапты хатшысы  |
| Е р ғ о ж и н<br>Дәулет Еділұлы              | – | Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министрі   |
| Ж а қ с ы л ы қ о в<br>Тимур Мекешұлы        | – | Қазақстан Республикасының Экономикалық даму және сауда вице-министрі.   |

2. Жұмыс тобы 2012 жылғы 1 қазанға дейін Қазақстан Республикасын G-20 саммитіне қатысушылардың құрамына қосу және G-20 саммиті шеңберінде әлемдік экономиканы реформалау жөніндегі Қазақстан Республикасының бастамалары бойынша ұсыныстар әзірлесін және Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізсін.

3. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігіне жүктелсін.

*Премьер-Министр*

*К. Мәсімов*